

Қазақ халқының үлттық және рухани құдыштықтар турасындағы танымы мен сенімі ерекше. Үлттық құндылықтарды қадирлеп, қастерлеп, үрпақтан-үрпаққа жеткізіп отырған. Ал, дінді адам мен қоғам арасын жалғастыруши, жарастыруши және үйлестіруші қасиетін жете түсініп, оны жан мен тән тазалығын сактайтын, парасат тағылымдарын демеуші, адамға үлгі-өнеге беретін, пейілге мейірім үялататын рухани күш ретінде бағалаған.

Жалпы адамзаттық құндылықтар үлттық құндылықтарға да тән орындылық және тұрақтылықпен сипатталады. Үлтқа және жеке тұлғага қатысты менталитет бастаңында әдеттегі эмоционалды түрге ие. Ол экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуға негізделген құндылықтардың пайда болуымен ғана көп қырлы дүниетанымдық сипаттаған болады. Үлттық менталитет адамның рухани және материалдық құндылықтарын тарихи іріктеу нәтижесінде қоршаған әлеммен қарым-қатынас кезінде көрініс табады.

# ҮЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ – ПАРЫЗЫМЫЗ

Ал, рухани адамгершік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, үлттық қөқарасты, сенімді, парасатты, мінез-құлықтағы адами тәртіп шен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азаматтық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Адамгершілік тәрбиенің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, рухани негізде жеке адамның жан-жакты дамығы жетілуіне бағытталған. Бабаларымыздың қастер тұтып, атадан балаға аманаттап, жүрекке дарытып келген асыл қасиеттері көп. Халқымыз сырт көзбен емес, жүрекпен үзатын адамгершілік құндылықтарды жоғары дәріптеген. Иман – қазақ халқының рухани дүниетанымындағы парасат пайымымен сабактасып жатын өте кең өлшемді үғым.

Халқымызда «Жиганыңа сенбес, иманыңа сен», «Иманды адам – арлы адам, Имансыз адам – сорлы адам», «Имандылық – қастерлі қасиет» деген тұрақты сөз тіркестері мен мәтелдері жетерлік. Жан тазалығына, ар тазалығына негізделген, сыртқы көріністегі емес, жүректегі иманды қасиет тутқан үлттық рухани құндылықтарымызды дәріптең, көнінен насиҳаттау арқылы біз жатдіңік ақымдарға тоқсавыл қойып, жастарға бағыт бере аламыз.

Айнур ЖЕТИБАЕВА,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ Менеджмент және  
маркетинг кафедрасының  
магистр оқытушысы  
Айжан ЕСЕНТАЕВА,  
PhD, доцент